



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY



**«Ә. БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС МӘСЕЛЕЛЕРІ»** атты
Республикалық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 4 қараша, 2016 жыл



МАТЕРИАЛЫ

Республиканской научно-теоретической конференции
**«А. БУКЕЙХАН И ПРОБЛЕМЫ
НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНОГО
ДВИЖЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ»**

Алматы, Казахстан, 4 ноября 2016 года



MATERIALS

of the Republic scientific and theoretical conference
**«A. BUKEIKHAN AND PROBLEMS OF THE
NATIONAL-LIBERATION MOVEMENT IN KAZAKHSTAN»**

Almaty, Kazakhstan, 4 November 2016

ҮШІНШІ СЕКЦИЯ / ТРЕТЬЯ СЕКЦИЯ

Тәуелсіздік және «Мәңгілік ел» идеясы
Независимость и идея «Мәңгілік ел»

Алтаев А.Ш. Определяющий фактор социальной модернизации в Республике Казахстан.....	99
Прімбетова Е.Ө. Қазіргі Қазақстан: мәдени дамудағы жаңа бағыттар	101
Қозыбақова Ф.А. Қазақстандағы дайындау науқандары және ауқатты шаруаларды жою.....	104
Хасанаева Л.М., Кадырбаева М.Е. Қазақстанның сыртқы саяси экономикалық байланыстардағы интеграциялық қиындықтары.....	108
Телеуова Э.Т. Дәстүрлі көшпелілер қоғамындағы жоғары билік дүниетанымы.....	111
Әбділдабекова А.М. Ресейдің империялық тарихы: көшпелі халықтарға қатысты саясаты	114
Қозғамбаева Г.Б. Қазақстан дипломатиясының әлеуеті	116
Жаппасов Ж.Е. Қазақстан мен Ресейдің экономикалық қарым-қатынастарының тарихнамасы	119
Майданали З. Орталық Азияның империялық құрылымдары және билік институттары: жаңа келістер мен тарихи парадигмалар	123
Баудиярова Қ.Б. Этникалық процестердің ұлтаралас некеге ықпалы	126
Тасилова Н.А. Қазақ хандығының тарихы бойынша ортағасырлық жазба деректерді талдау әдістері	130
Омарбаев Ы.Қ. 1917-1918 жылдардағы Қазақстандағы паспорттық жүйенің ахуалы: тарихи шолу	133
Нұрланқызы К. АҚШ пен Жапония арасындағы келісім-шарттық құқықтық негіздер (ХІХ ғ. – ХХ ғ. 90 жж. дейін).....	137
Аткенова А.О. «Мәңгілік ел» идеясы – кемел келешекке бастар сара жол.....	141
Жапаров Д.А., Кударова Ж.А., Абаева Г.А. «Мәңгілік ел» идеясы – ұлттың ұлы мұраты	143
Кадырбаева М.Е. 1950-1960 жылдар аралығындағы Алматы театрларының күнделікті өміріне аналитикалық талдау жасау.....	146
Темирбаева А. Қазақстанның тарихи дамуындағы гендерлік фактор.....	150
Дүйсекова Г. ІХ-ХІІ ғғ. түркі тайпаларының өзара байланысының дамуындағы этнолингвистикалық факторлары.....	152
Бейсекеева З.Н., Даирова Г.К. Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекет болып қалыптасуының кезеңдері.....	156
Тұрлыбай Б.С., Сапарәлі С. Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық өміріндегі қарым-қатынас маңызы.....	158

Ауылдағы өзбектер	63,3	9,7	2,8	22,2
Орыстар	40,9	0,7	2,2	51,8

Қала қазақтарының 67,6 %, ауыл қазақтарының 74,8 %, қаладағы өзбектердің 58,4 %, ауыл өзбектерінің 63,3 % бірұлтты неке ұлтаралас некеге қарағанда тұрақты деп жауап берді. Орыс ұлты өкілдерінің 51,8 % некенің тұрақты болуы ұлтына байланысты емес, жұбайлардың тікелей өздеріне байланыстылығын көрсетті.

Сонымен ұлтаралас некеде мынадай ерекшелік байқалады. Біріншіден, республикамызда ірі этностар арасында бірұлтты неке орын алған. Ислам дініне сүйенетін түркі тілдес халықтар арасында бірұлтты неке басым. Бұған дәстүрлі этникалық көзқарас, сыртқы орта, тәрбие үлкен әсер етеді. Екіншіден, 130-дан астам этностың болуы ұлтаралас некенің пайда болуына әсер етпей қоймайды. Ұлтаралас неке шығыс еуропалық аз этностар ішінде кең тараған. Орыстар дәстүрлі түрде украин, белорус, поляк этностарымен ассимиляцияға түсіп, топтасады. Сонымен қатар махаббат, рухани қажеттілік сияқты субъективті факторлардың болуы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сусоколов А.А. Межнациональные браки в СССР. – М.: Мысль, 1987. – 142 с.
2. Қалыш А.Б. Қазіргі Қазақстандағы этникалық және этномәдени процестер. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 254 б.
3. Абдулина А.Т. Современные этнокультурные процессы в среде сельского населения Жетысу: дис. ... канд. ист. наук. – Алматы, 1997. – 246 с.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ТАРИХЫ БОЙЫНША ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРДІ ТАЛДАУ ӘДІСТЕРІ

Н.А. Тасқалин

т.ғ.к., ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті

Деректермен жүйелі түрде жұмыс жасап, құнды ақпараттарды тиімді әдістермен алу үшін оларды классификациялаудың маңызы зор. Жазба деректердің аса көп мөлшерде кездесетіндігінен, олармен жүйелі жұмыс істеуге мүмкіндік алу үшін зерттеушілер оларды әр түрге және типке бөледі. Мұндағы негізгі принцип жазба деректердің пайда болуының, формасы мен мазмұнының және арнайы мақсатының бірлігі. Осыған сай зерттеуші Л.Н. Пушкарев жазба деректерді екі жікке бөлсе, оның бірнеше түрлерін көрсетті. Ол бойынша жазба деректер құжаттық (картографиялық, статистикалық, актілік, іс қағаздар) және баяндаушы (жеке адамның хаттары, күнделіктер, естеліктер, заманхаттар, жылнамалар) болып екі үлкен топқа бөлінеді. Ортағасырларда жазба деректер көбінесе баяндаушы, мемуарлық сипатта, жылнама іспеттес болғандықтан, ол деректерді екінші топқа жатқызуға болады.

Ортағасырлық деректерді зерттеген ғалым Б.А. Ахмедов деректерді түрлері мен типіне қарай классификациялаудың маңызы зор екендігін атап өткен болатын. Ал Қазақстандық шығыстанушы В.П. Юдин ортағасырлық парсы тіліндегі деректерді бірнеше топқа бөледі. Оның тұжырымдауы бойынша, деректер көбінесе саяси бағытына сай бөлінеді. Классификациялауда, саяси бағыты негізге алынады. Бұл белгілері бойынша ортағасырлардағы саяси биліктің басына қайсібір әулеттің қолында болғандықтан, сол әулеттердің саяси позициясы деректерде көрініс табатындықтан, әулеттік принцип бойынша классификациялау тиімді екенін атап өтеді. Бұл белгілер бойынша деректер Темірлік, Шайбанилық, Шағатайлық (қашғарлық), Сефевидтік және т.б. бөлінетіндігін шығыстанушы атап көрсеткен [1].

Бұл мәселемен айналысатын зерттеуші Ж.М. Тулибаева көптеген деректерді қарастырып, XIII-XIX ғғ. деректердің көпшілігінің саяси бағыты бар, атап айтқанда билеуші әулеттердің позициясын жақтап жазылғанымен, ол әулеттерге қарсы жазылған шығармалар мен саясатқа мүдделі негізделмеген еңбектердің болатындығын ескеріп, деректерді жүйелеуде хронологиялық-аумақтық, типтік және тақырыптық сипатына қарай ыңғайлы түрде бөліп, классификациялауға болатынын негіздеді [2].

Шын мәнінде кез келген дерек белгілі бір тарихи оқиғаның, құбылыстың немесе қоғамдық процестің салдарынан пайда болады. Дәлірек айтсақ, нақты тарихи оқиға, құбылыс немесе қоғамдық процесс нақты тарихи деректерде бейнеленіп, ол туралы мәліметті бойында сақтайды. Сондықтан да